



Әл-Фараби  
атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# QAZAQ

# UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №9 (1877) 13 НАУРЫЗ 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Румынияның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Мэдэлина Лупуды қабылдады.

## Румыния елшісімен кездесу



«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ғылымға ерекше көңіл бөлінеді. Біз білім мен ғылым саласында Румынияның ЖОО-ларымен серіктестікті одан әрі дамытуға дайынбыз. Осы тұрғыда бірлесіп симпозиумдар, ғылыми конференциялар мен кездесулерді жиі өткізу қажет», – деді университет ректоры.

Өз кезегінде елші Мэдэлина Лупу жылы қабылдағаны үшін Жансейіт Қансейітұлына ризашылығын білдірді.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстандағы көшбасшы университет. Алдағы уақытта ҚазҰУ-мен тығыз қарым-қатынаста болып, серіктестікті одан әрі арттыруға дайынбыз», – деді Мэдэлина Лупу.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

## Мемлекет басшысы ҚазҰУ ректорын қабылдады



**Кездесу барысында Мемлекет басшысына университеттің академиялық, ғылыми-зерттеу, инновациялық қызметінің нәтижелері және оқу орнын дамытудың жаңа бағыттары мен перспективалары баяндалды.**

Жансейіт Түймебаевтың айтуынша, бүгінде университетте 24 мыңнан астам студент, со-

ның ішінде әлемнің 54 елінен 2,8 мың шетелдік азамат білім алады. 542 білім беру бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр, ғылыми орталықтар мен ғылыми жобалар саны артқан. 2022 жылы АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Франция, БАӘ және Түркияның жетекші университеттерімен 30-дан астам келісімшарт жасалған. Ыстамбұл және Бішкек қалаларында ҚазҰУ-дың филиалдары жұмыс істейді. Алматыда университет базасында МИФИ (Мәскеу) филиалы ашылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа


былтыр оқытушы-профессорлар құрамының жалақысы көтерілгені туралы баяндалды. Сонымен қатар оқу ғимараттарына, зертханаларға, жатақханаларға жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сот шешімі бойынша ҚазҰУ меншігіне екі жер учаскесі қайтарылды.

Президент университетті одан әрі дамытудың маңыздылығын атап өтті және жоғары оқу орнының халықаралық мәртебесін нығайтып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын күшейту қажет екеніне назар аударды.



**Ихтиология ғылымына өз үлесін қосып келеді**

3-бет



**Шағатай тіліндегі шығармалар сыр шертеді**

4-бет



**Стажировка PhD в рамках программы докторантуры**

5-бет

## Қытай білім ордаларымен ынтымақтастық

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы сыртқы істер кеңсесінің басшысы Сюй Гуйсян бастаған делегацияны қабылдады.



істейді. ҚазҰУ ғалымдары әзірлеген 100 инновациялық жоба бар. Инновациялық жобаларды коммерцияландыру бойынша Қытай біз үшін үлгі. Сондықтан ғылыми бағытта және инновациялық жобаларды коммерцияландыру бойынша бірлесіп жұмыс атқару қажет деп санаймын», – деді ректор.

Өз кезегінде Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы сыртқы істер кеңсесінің басшысы Сюй Гуйсян жылы қабылдағаны үшін ректорға алғысын білдіріп, серіктестікті дамытуға бағытталған барлық бастамаларды қолдайтынын жеткізді.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Наурыз мерекесі қарсаңында жоғары оқу орындары арасында Ping Pong Challenge Almaty – 2023 деген атаумен үстел теннисінен республикалық турнир өтті. Турнирге 19 жоғары оқу орнынан 24 команда қатысты.

болды. Екінші орынды Narhoz университетінің командасы жеңіп алса, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің командасы үшінші орынға көтерілді.

## Үстел теннисінен республикалық турнир өтті

Ерекше атап өтерлігі, бұл чемпионат Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың бастамасы әрі қолдауымен өтіп отыр.

Өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Наурыз мейрамын жаңаша атап өту және оның маңыздылығын арттыру жөнінде арнайы тапсырма берген. Осыған байланысты Наурыз мейрамын мерекелеудің жаңа тұжырымдамасы дайындалған болатын. Оның басым бағыттарының бірі – бұқаралық іс-шаралар



мен спорттық ойындар ұйымдастыру.

Жарыс қорытындысы бойынша жүлделі бірінші орынға Сүлейман Демирел университетінің командасы ие

Жарыс жеңімпаздарына диплом мен чемпионат кубогы табыс етілді.

**Гүлзат ТАБЫН**

# Нәтиже қомақты, жоспар көп

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың соңғы екі жылда атқарған қызметі мен негізгі нәтижелері

1. ҚазҰУ әлемдік білім кеңістігіндегі беделі мен танымалдылығын айтарлықтай нығайтты: 2022 жылы QS рейтингі бойынша әлемдегі ең үздік университеттер арасында 150-орын, Азия аймағында – 44, Орталық Азияда 1-орын алды.

2. ТМД елдері арасында ҚазҰУ М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетімен бірге әлемнің ең үздік 200 университетінің қатарына енді.

3. ҚазҰУ Тұрақты даму мақсаттарының «Академиялық әсер» БҰҰ бағдарламасының жаһандық хабын басқарды, бұл – БҰҰ-ның ҚазҰУ-ға жоғары сенімінің көрсеткіші.

4. Әлемдік университеттердің еуропалық академиялық рейтингі – Еуропалық стандарттың «АА+» рейтингін алды, бұл ҚазҰУ-ға Еуропаның жетекші университеттерімен бір қатарда тұруға мүмкіндік берді.

5. Great Value колледждері бойынша әлемдегі ең озық технологиялық университеттер арасында 31-орын (АҚШ).

6. Ыстамбұл және Бішкекте ҚазҰУ филиалдары ашылды.

7. Алматыда ҚазҰУ базасында МИФИ филиалы ашылды.



және енгізілді. Оның ішінде машина жасау, өңдеуші және құрылыс индустриясы, ақпараттық технологиялар және т.б.


13. 2022 жылы университет ғалымдары 308 ғылыми жобаны жүзеге асырды. Оның ішінде: ҚР МНВО гранттық қаржыландырудың 247 жобасы. 2022 жылы ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру көлемі 3,7 млрд теңгені құрады.

14. ҚазҰУ ғалымдары ғылыми зерттеулерге Қазақстан Рес-

18. Рейтингтік басылымдарда жылына ғылыми жарияланымдар саны ұлғайтылды (1000-нан астам немесе әрбір 5 қазақстандық басылым).

19. Қазақстан Республикасынан Scopus-тағы мақалалар саны артты (бұл мақалалардың 58 пайызын жыл сайын ҚазҰУ қызметкерлері шығарады).

20. 2022 жылы университеттің төрт ғылыми журналы ғылыми басылымдардың халықаралық деректер қорына енгізілді.



24. 10 жаңа инновациялық өндіріс ашылды. Оның ішінде ҚазҰУ-дың Дәрілік өсімдіктер ғылыми орталығында өсімдік шикізаты негізінде шағын тонналық өнім шығару.

25. Әлемнің жетекші университеттерімен (АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Франция, БАӘ, Түркия) 30-дан астам жаңа ынтымақтастық туралы келісімдер жасалды.

26. Білім алатын шетелдік студенттердің саны ұлғайды.

үшін – 285 000 теңге (2021 ж. 160 000 теңге болған), доценттер – 390 000 (175 000 теңге болған), профессорлар – 500 000 (190 000 теңге болған).

30. Директорлар кеңесінің отырысында 2025 жылға дейін кампусты дамытудың жұмыс жоспары әзірленді және бекітілді.

31. Оқу ғимараттары, зертханалар, жатақханалар, әкімшілік кеңселер, асханалар мен спортзалдар заман талабына сай жаңартылды. Кампус аумағы абаттандырылды. 2022 жылы 250-ден астам қылқан жапырақты ағаш түрлері отырғызылды. Оның ішінде 200 дана көк шырша, 50 дана қырым қарағайы, көгал шөптері 12 000 м<sup>2</sup> жерге егілді.

32. Университет ұжымы жойқын жер сілкінісінен зардап шеккен Түркия азаматтарына біркүндік жалақысы есебінен 40 миллион теңге аударып, 10 миллион теңгенің гуманитарлық көмегін көрсетті.

33. ҚазҰУ базасында бірқатар қоғамдық-саяси сипаттағы ірі іс-шаралар, соның ішінде Түркияның экс-президенті А.Гүлдің, Қырғыз Республикасының экс-президенті А.Ақаевтың, депутаттар делегациясының сапарлары өтті. Мемлекеттік кеңесші Е.Қариннің қатысуымен Еуропалық парламент, Қазақстан саясаттанушылар конгресі, Орталық Азия және Қазақстан университеттері ректорларының форумы және т.б. өтті.

34. Соңғы екі жылда ҚазҰУ-дың 100 қызметкері Түркияда тәжірибе алмасып, бір апта тегін демалып қайтты.

35. 2023 жылы Алматы қалалық сотының шешімімен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жалпы көлемі 0,7495 гектарға тең екі жер учаскесі қайтарылды.



8. Зерттеу университеті мәртебесін алды және 2022-2026 жылдарға арналған Даму бағдарламасы бекітілді (ҚР Үкіметінің 25.07.2022 жылғы №516 қаулысы).

9. 16 факультет пен 68 кафедрада студенттер контингенті 24,3 мың студентке дейін динамикалық өсуде. Студенттер санының өзгеруі тек мемлекеттік грантпен ғана емес, келісімшарт негізінде де оқуға түсетін оң көрсеткішке ие. Гранттық негізде – 75%, келісімшарт негізінде 25% білім алушылар бар.

10. Жас оқытушылардың саяпасы артып келеді: PhD докторларының саны 489-ға дейін өсті, 585 ғылым докторы, 801 ғылым кандидаты, 22 ҚР ҰҒА академигі және 7 корреспондент-мүшесі жұмыс істейді.

11. Білім беру бағдарламалары жаңартылды. Білім алушыларды оқыту 542 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. Оның ішінде 62-сі Азия, Еуропа, Ресей Федерациясы, АҚШ университеттерінің қос дипломы және ағылшын тілінде 105 білім беру бағдарламасы.

12. 13 инновациялық білім беру бағдарламасы әзірленді

публикасындағы гранттардың 15 пайызын жеңіп алды.

15. «Ғылым ордасының» 19 ғылыми-зерттеу институтымен интеграцияны күшейтіп, 21 бірлескен білім беру бағдарламаларын енгізіп, 396 магистр мен PhD докторларын дайындады.

16. ҚазҰУ-дың 42 қызметкері Мемлекеттік ғылыми марапаттар мен стипендиялардың иегері атанды.

17. Өнертабыстар мен үлгілерге 300-ге жуық патенттер мен авторлық куәліктер алынды.

21. ҚазҰУ-дың 14 диссертациялық кеңесінде оң шешіммен 85 PhD докторлық диссертация қорғалды.

22. 107 ірі ғылыми форум мен конференция өткізілді. Оның ішінде 60 халықаралық және 9 республикалық ғылыми конференциялар, 11 халықаралық және 5 республикалық дөңгелек үстелдер, 8 халықаралық және 11 республикалық семинарлар.

23. Коммерцияландыру жобаларына грант түрінде 40 млн теңге түсті.

Әлемнің 54 елінен 2,8 мыңға дейін студент білім алады.

27. Дәріс оқу және бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру үшін әлемдік ғылым және білім орталықтарының жетекші профессорларының саны артты (жыл сайын 100-ден астам).

28. ҚазҰУ-дан 41 талапкер әлемнің үздік университеттері мен шетелдің ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтуде.

29. Профессорлар құрамының еңбекақысы екі есеге өсті және қазір ол: оқытушылар





Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биология және биотехнология факультетіндегі «Биология, геоботаника, биотехнология, балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау» мамандықтары бойынша Диссертациялық кеңестің мәжілісінде «8D08401 – Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау» мамандығы бойынша «Сообщества рыб и состояние их популяций в Алакольском бассейне» атты тақырыпта философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертация қорғалды. Бұл осы мамандық бойынша елімізде қорғалған тұңғыш диссертация, ал диссертант Биология және биоресурстар кафедрасының аға оқытушысы – Саят Шарахметов.

ной части озера Балкаш»; 2018-20 жылдары «Изучение и оценка современного состояния экосистем дельты р. Жайык с прилегающими побережьем и акваторией Каспийского моря, и разработка рекомендаций по экологически устойчивому сохранению и использованию природных ресурсов проектного региона» және т.т.

Осындай ғылыми жұмыстарды орындау барысында мол тәжірибе жинаған Саят Ермұханбетұлы

теу институтында тағылымдамадан өтіп, бағыт-бағдар алды. Сонымен қатар Ресей ғылым академиясының Зоология институтында да (Санкт-Петербург) ғылыми тәжірибеден өтті. Сол жерде ихтиология ғылымындағы инновациялық жетістіктермен етене танысып, оны диссертациялық жұмысында ойдағыдай қолдана білді. Нәтижесінде ихтиологиялық дәстүрлі зерттеу әдістерінен басқа, морфологиялық, генетикалық

ді ихтиофаунаның қазіргі жағдайы және оны сақтаудың өзекті мәселелері жайында өз ойымен бөлісті. Семинар барысында ғаламдық масштабта балықтардың жекелеген түрлерінің жағдайларына баға берілді. Семинар жұмысына қатысқан шетелдік ғалымдар, солардың арасында Нина Боуцкая (Жаратылыс тарихы мұражайы, Вена, Австрия), Екатерина Васильева (М.Ломоносов атындағы ММУ, биология факультеті, Зоология ғылыми-зерттеу мұражайы) және т.т. Қазақстан ихтиологтарының, соның ішінде кафедраның ихтиолог-ғалымдарының атқарып жатқан жұмыстарының ихтиология ғылымының дамуына зор үлес қосатынын баса көрсетті.

Сонымен қатар Саят Ермұханбетұлы диссертациялық жұмысын орындау мақсатында қысқа мерзімде орындалатын қолданбалы ғылыми жұмыстармен де айналысып, білімін шыңдады. Мысалы, 2019 жылы «Заключение по факту продолжительной гибели рыб на р. Урал в декабре 2018 года по результатам гистопатологического анализа образцов тканей»; 2019 жылы «Батыс Қазақстанның радиациялық ластанған аймақтарының (Капустин Яр полигоны) биотаға, табиғи ортаға және тұрғындар денсаулығына әсері салдарын экологиялық бағалау»; 2019 жылы «Изучение патологических изменений в организмах рыб, обитающих в районе исследования реки Жайык»; 2020 жылы ESERA жобасы бойынша «Исследование местных водоемов на ОТПХ Аральского района, Кызылординской области» және т.б.

Осы жұмыстары кафедраны, факультетті және ең бастысы, университетімізді ғылымның тағы да бір саласы – әлемдік ихтиология ғылымында танытуға үлесін қосты деп айта аламыз.


Жас ғалым орындаған жұмыстарының нәтижелері бойынша 50-ге жуық мақала жазды. Оның бесеуі Scopus-та жарияланды. Хирш индексі әзірге – 3, оның ары қарай көтерілетініне ешқандай күмәніміз жоқ.

**Бірлікбай ЕСЖАНОВ,**  
биология және  
биотехнология факультетінің  
доценті, б.ғ.к.

# Ихтиология ғылымына өз үлесін қосып келеді

Шәкіртіміз әрі әріптесіміз 2004 жылы «Балық шаруашылығы» мамандығына грантқа оқуға түсіп, оны 2008 жылы ойдағыдай аяқтады. Оқу бітірген соң, мамандығы бойынша Алматы қаласында «Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ихтиология зертханасында аға лаборант, кейін кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. Жас маман Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан суқоймаларындағы кәсіптік балық түрлерінің қазіргі жағдайларын зерттеумен айналысып, біраз тәжірибе жинады.

Білімін ары қарай жетілдіру мақсатында 2009 жылы ол өзі оқыған факультетке «Биология» мамандығы бойынша магистратураға қабылданып, ғылыми жұмысын жалғастырды. Туған өлкесінің суқоймалары, атап айтқанда, Алакөл көлінің ихтиофаунасының қазіргі жағдайын зерттеумен айналысты. 2011 жылы магистратураны аяқтаған соң, факультет және кафедра басшылығы оның ғылым мен білімге деген құштарлығын ескере отырып, кафедраға оқытушылық қызметке ұсынды. Жас маман студенттерге әртүрлі пәндерден сабақ берумен қатар, магистратурада бастаған ғылыми жұмысын ары қарай жалғастырып, бірнеше ғылыми мақала жазып, зоология, ихтиология пәндері бойынша тәжірибе сабақтарын



жүргізуге арналған оқу құралдарын дайындауға үлес қосты.

Оқытушылық қызметпен қатар, ғылыми жұмыстармен айналысып, көптеген ғылыми тақырыптарды орындауға қатысты. Өз саласы бойынша білімінің жоғары деңгейде екенін көрсете білді. Мысалы, 2008-11 жылдары «Комплексная оценка эколого-эпидемиологического состояния биоресурсов основных рыбохозяйственных водоемов Казахстана для формирования государственного кадастра. РАЗДЕЛ: Алакольская система озёр»; 2015-17 жылдары «Современное состояние и тенденции изменений аквальных экосистем и ихтиофауны реки Иле и запад-

2019 жылы ҚазҰУ-да тұңғыш ашылған «Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау» мамандығы бойынша докторантураның бірінші докторанты болып қабылданды. Қазақстанда ғана емес, алыс-жақын шетелдік ихтиолог-ғалымдардың ортасында аса танымал, белгілі ғалым, педагог, биология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор, кафедрамыздың ұстазы Надир Мамиловтың жетекшілігімен жоғарыда аталған тақырып бойынша ғылыми жұмысты ойдағыдай орындап шықты. 2022 жылы Ресейдің Борок қаласында орналасқан «И.Папанин атындағы ішкі суқоймалар биологиясы» ғылыми-зерт-

және экологиялық әдістер негізінде Алакөл көліндегі балықтар қауымдастығы және олардың популяцияларының жағдайын жаңа көзқараспен қарастырып, аборигенді балықтардың генетикалық алуантүрлілігін, филогенетикалық шежіресін және гаплотиптік жүйесін жан-жақты шешті. Шетелдік кеңесшісі, Ресей ҒА «И.Папанин атындағы ішкі суқоймалар биологиясы» ғылыми-зерттеу институты «Балықтар экологиясы» зертханасының жетекшісі ғылыми қызметкері, б.ғ.к. Борис Лёвин біздің университет түлегінің ихтиология саласы бойынша білімінің тереңдігін және ғылыми жұмыстарды орындауда түрлі әдістерді жете меңгергенін аса мақтанышпен атады.

Докторантурада оқу кезінде «Орталық Азияның аборигенді балықтарының алуантүрлілігін сақтау мәселесі» бойынша ҚазҰУ биология және биотехнология факультеті Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасында Халықаралық табиғат қорғау одағы (IUCN), Түрлерді сақтау комиссиясы (SSC), Тұщысу балықтарын сақтау бойынша мамандардың (FFSG) қолдауымен және TOYOTA корпорациясының қаржылық көмегімен ұйымдастырылған, 2020 жылы өткен халықаралық семинар (workshop) жұмысына белсене қатысып, Алакөл көлдер жүйесіндегі абориген-

# Lex пікірталас клубы студенттерді қолдайды

Халықаралық қатынастар факультетіндегі Lex студенттік пікірталас клубы PhD докторы, Халықаралық құқық кафедрасының доценті Ләззат Нысанбекованың жетекшілігімен құрылған болатын. Факультеттің барлық білім алушыларын біріктіретін алғашқы студенттік клуб ҚазҰУ-дың басқа факультеттерінің дебат клубтарымен және Қазақстанның өзге де университеттерімен өзара тиімді ынтымақтастықта болуды көздейді.

Клубтың негізгі объектісі – ғылыми-зерттеу жұмыстары. Студенттерді ұлттық және халықаралық құқық саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартумен қатар, аймақтардағы студенттік ғылыми жұмыстардың авторларын республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми конкурстарға, студенттік ғылыми конференцияларға дайындауға және қатысуға көмек көрсетеді. Бұл клуб студенттердің қабілеті

мен қажеттілігіне сәйкес, тұлғаның шығармашылық дамуына үлкен үлес қосып келеді.

Lex студенттік пікірталас клубы ұлттық және халықаралық құқық шеңберінде ғылыми клуб отырыстарын өткізеді және қазіргі заманғы заң ғылымының өзекті мәселелерін талқылайды. Басқосуда студенттерге ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістерін үйретіп, нақты тақырыптар бойынша түйткілдер талқыла-



нады. Қажет жағдайда кеңес беру, практикалық ұсынымдар арқылы студенттердің ғылыми дайындық деңгейін арттыруға жәрдемдесу секілді қолдаулар да көрсетіледі.

Lex пікірталас клубының әрбір студенті берілген мүмкіндік-

терді қалт жібермеуге тырысады. Пікірталас жүргізудің коммуникативтік дағдыларын қалыптастырып, өз саласындағы сарапшылар мен мамандарды тыңдап, түрлі дебаттарға, конференцияларға және байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп

жүр. Мәселен, Lex пікірталас клубы студенттерінің белсенділігі нәтижесінде MOOT COURT COMPETITION, SDU 2022 республикалық турнирінен жүлделі орындарды жеңіп алды. Студенттеріміз Ресей мемлекеттік университетінің Халықаралық құқық кафедрасы ұйымдастырған құқықтану саласындағы болашақ мамандарға дауларды шешу процесін зерделеуге мүмкіндік беретін бірегей білім беру платформасы саналатын «ЕАЭО-дағы дауларды шешу» байқауында да бақ сынап, тәжірибе жинады. Клуб мүшелері халықаралық құқықтану факультеттік немесе университеттік емес, республикалық деңгейде пәндік олимпиаданы өткізу жағынан да жоғары ұйымдастырушылық қабілет-қарымын көрсетті.

**Құралай ҚАЛЫҚҰЛОВА,**  
халықаралық қатынастар  
факультетінің 3-курс студенті

Қазақстанда алғаш рет Республикалық «Фото-өнер» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті және National Geographic Qazaqstan журналының қолдауымен жылдың төрт мезгілін қамтитын, төрт кезеңнен тұратын «Деректі фото» курсы басталды. Курсты жыл бойы танымал фотоөнер майталманы, әлемдегі 10 үздік фотографтың бірі Серік Мұқышұлы жүргізеді.

## Шағатай тіліндегі шығармалар сыр шертеді

Әл-Фараби кітапханасының сирек қолжазбалар қоры көне қолжазбалар мен түпнұсқа еңбектерге бай. Соның ішінде шағатай тіліндегі материалдар өте көп. Бұлай болуы заңдылық. Өйткені шағатай тілі Орта Азиядағы түркі халықтарының орта ғасырдан бастап, XX ғасырдың басына дейін әдеби, мәдени, ғылым, білім тілі болғаны баршаға аян.



Қазіргі таңда студенттеріміздің қазақ тілі тарихының үлкен бір бөлігі, көркем кезеңі саналатын шағатай тіліне деген қызығушылығы ерекше. Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтында практикадан өтіп жатқан филология факультеті Түркітану және тіл теориясы кафедрасының «Түркітану» мамандығының 4-курс студенттері осы сирек қордағы материалдармен жұмыс істеуге құлшыныс танытты. Қазір студент-практиканттар көне жазбалардың бірі «Гүлзар уә чаманзар яғни өлеңдер уә чәчәклар» атты еңбекті транскрипция және транслитерация жасау ісімен айналысуда. Біз бұл кітапты Дүйсенбек Қабыланбайұлы ақсақалдың балалары сыйлаған қолжазбалардың арасынан алдық. Өткен ғасырлардан сыр шертетін, баға жетпес осындай жәдігерлерді жинап, сақтаған Дүйсенбек Қабыланбайұлы жайлы білгіміз келіп, ол кісі туралы мағлұмат алуға тырысып едік.

Дүйсенбек Қабыланбайұлы ақсақал 1904 жылы Қызылорда облысының Қармақшы ауданы, бұрынғы Ленин, қазіргі Тұрмағанбет Ізтілеуов атындағы ауылда дүниеге келген. 1969 жылы 30 мамырда 65 жасында дүниеден өткен. Сол кезеңдегі білім ошағы саналатын Самарқан медресесінде арабша, парсыша, қадимше білім алған. Сауатты, иманды, тақпа, білімсүйгіш адам болған. Көп жылдар бойы діни қағидаттарды кітап арқылы түсіндіріп, еліміздің руханиятын дамытуға өзіндік үлес қосқан. Көп оқыған. Шапанының ішкі жағынан қалта тігіп, Құран кітаптарын салып жүр-

ген. Бүгінде бізге Дүйсенбек ақсақалдың артында мұра болып қалған 240-тан астам кітап пен қолжазбалар жетіп отыр. Ақсақалдың артында өте көп кітап қалған. Бірақ көпшілігі туған-туыстарына сыйға тартылып кеткен. Олардың ішінде Қазан баспасынан шыққан әртүрлі саладағы араб, парсы, түрік, шағатай тілдерінде жазылған сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар да бар. 1324 жылы Мысыр баспасынан шыққан Құран кітаптардан бастап, 1900 жылдар аралығына дейінгі кезеңде кездесетін Қазан баспаларынан шыққан Құран кітаптар, фиһк және тағы басқа құнды кітаптар сақталған. Ел арасында «Кішкентай молда», «Қара молда» деген атпен әйгілі болған Дүйсенбек ақсақал шөптен түрлі дәрі-дәрмек әзірлеп, емшілік қасиетімен де танылған. Науқас адамдарды қан алу, араға шақтыру әдістерімен, Құран аяттарын оқып, рухани тазарту жолымен емдеген кісі екен.

Кітап «Гүлзар уә чаманзар яғни өлеңдер уә чәчәклар» деп аталады. Еңбек шағатай тілінде жазылған. Кітаптың мұқабасында 1885 жылы сол елдегі екі дәріхана иесі құрастырған өсімдіктер туралы еңбек екені жазылған. Бұл кітапты хижраның 1310 жылы (1892-1893 жылдар) Әбд-Әл-Қайым Әбд-Әл-Насыр ұлы Әл-Насыри аударып, баспаға дайындаған. Еңбекте ең танымал өсімдіктердің орысша, латынша атаулары шағатай тіліне аударылып берілген. Кітап алғаш 1888 жылы басылып шыққан. Кейін 1903 жылы Қазан қаласындағы Император университетінің баспасынан қайта

басылған. Кітаптың бірінші бөлімінде «Өсімдіктер әлемі жайында сөз» атты алғы сөз және «Дәрілік өсімдіктер», «Тамырлар туралы», «Шөптер мен жапырақтар», «Гүлдер туралы», «Ұрықтар мен жемістер» атты тақырыпшалармен қысқа анықтамалар берілген. Екінші «Тақсим Небатат» (Өсімдіктер бөлімі) атты үлкен бөлімнің басында өсімдіктердің пайдасы, шипасы жайлы жазылады да, әрі қарай аурулардың түрлері мен олардың белгілеріне жеке-жеке тоқталады. Ал бөлімнің соңында ауру түрлерінің арабша-шағатайша аттарын сөздік түрінде береді.

Келесі үлкен бөлім «Хуас Небатат» (Өсімдіктердің түрлері) деп аталады. Бұл бөлімде 198 өсімдіктің түріне, сипатына, емдік қасиетіне жеке-жеке тоқталып, баяндайды. Кітаптың соңғы бөлімінде қорытынды сөз бен кейбір аурулардың атаулары мен термин сөздерге анықтама берілген. Бүгін Орта Азиядағы қалың түркі халқы сан ғасырлар бойы қолданған, әлем ғылымына «шағатай тілі» атауымен танылған, орта ғасырдан бері үлкен өркениет, әдебиет, мәдениет тілі ретінде XX ғасырдың басына дейін қолданыста болған ата-бабаларымыздың тілін оқып, үйрену – бізге сын. Осы орайда, университетіміздің филология факультеті «Түркология» мамандығында білім алып жатқан 4-курс студенттерінің шағатай тілін оқып, үйренуге деген талпыныстары көңіл қуантады.

**Шынарай БҮРКІТБАЕВА,**  
PhD, аға оқытушы  
Түркітану және тіл теориясы кафедрасы

## Шынайы тарих фотофактілерде



Елімізде бірінші рет ұйымдастырылып жатқан тұңғыш фотоөнер курсы журналистика факультетінің деканы Нұржан Қуантайұлы құттықтау сөз сөйлеп ашты. «Деректі фото» курсына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушылары мен студенттері, сондай-ақ Қазақстанның ірі мегаполистерінен, әр өңірлерінен келген фотография саласында жұмыс істейтін 20 адам қатысуда. Олардың ішінде университет түлегі, белгілі блогер Әйгерім Бегімбет, ҚазҰУ ұстаздары Дәурен Мұхамеджан, Досжан Балабекұлы, магистрант Тілек Рысбек сияқты фото өнеріне тәнті журналистер мен жас ғалымдар бар.

Шараның теориялық бөлімдері ҚазҰУ журналистика факультетінің дәрісханаларында жүргізіледі. Жобаның концепциясын, оқыту жоспарын курс жетекшісі Серік Мұқышұлы жасаған. Курс әр кезеңі үш күн бойы бес сағаттан өтеді. Тыңдаушылар курстың екінші кезеңіне сәуір айының аяғында жиналады. Жобаның үшінші кезеңі шілде айында Шығыс Қазақстан облысындағы Ертіс өзені жағалауында фотоэкскурсия түрінде өткізілмек. Содан кейін қазан айында осы бір жыл бойы өткен сабақтардың нәтижесі ретінде қорытынды фотокөрме ұйымдастырылады. Қатысушылардың барлығына біржылдық курстан өтті деген Республикалық «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті және National Geographic Qazaqstan журналының мөрі басылған сертификат тапсырылады.

– Еліміздің БАҚ саласындағы кәсіби фотожурналистердің бастамасымен 2010 жылы құрылған «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігіне биыл 13 жыл болды, яғни алғашқы мүшел жасқа толып отыр. Бірлестіктің жалпы жиналысының шешімімен биыл Қазақстандағы алғашқы «Деректі фото» курсы жобасы қолға алынды. Мақсаты – әлемдік деңгейдегі «Деректі фото» маманын даярлау. Курстың алғашқы күні қа-

тысушылардың фототапсырмаларын тексеру, оларды талдау және бағалау жұмыстары жүргізілді, сондай-ақ портрет түсіре білу, деректі фотоның негізгі талаптары, деректі фотоның рөлі, деректі фото жөніндегі өлшемді мысалдар, фотосуретті редакциялау туралы курс жетекшісі дәріс оқыды. Негізінен, сабақ барысында «Деректі фотография болу үшін нені білу керек?», «Фоторепортаж бен деректі фотоның айырмашылығы қандай?» деген тақырыптар қамтылды. Фотосурет саласындағы шоқтығы биік тұратын деректі фото жанрында ізденіп жүрген курс тыңдаушыларының жұмыстарын жылдың аяғында бағалайтын боламыз. Солар арқылы фотографиялық қоғамның беделі өсіп, бәсеке-лестігі арта түседі, – дейді Республикалық «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Асылхан Әбдірайымұлы.

Курс жетекшісі Серік Мұқышұлы – 2011-12 жылдары Қытайдағы қазақ малшыларының көшімен еріп, Алтай аймағын аралаған, қазақ халқының көші-қон өмірлерін суретке түсіріп, шынайы бейнелеген әлемге танымал фотограф. Серік Мұқышұлының әлемге тараған «Күнмен бірге көшкен ел» жинағында әр маусымның құбылысы – сақылдаған сары аяз, түнерген түн, қарлы дауыл, шелек-теп құйған нөсер көріністері арқылы төрт маусымның мінезі мен бояуы, таңы мен кеші, жылуы мен салқыны бейнеленеді. Қазақ малшыларының тарихы, бүгінгі өмірі, үміт-арманы, болашағы – бәрі-бәрі осы суреттерден көрініс тапқан.

Өмірдің тынымсыз өзгерістерін деректі суреттермен, шынайы эпизодтармен бере білетін практик-фотограф Серік Мұқышұлының курсынан өткен шәкірттері алдағы уақытта Қазақстанның тарихын шынайы фотофактілермен қалыптастыратын әлемдік деңгейдегі кәсіби фотографтар болатыны сөзсіз.

**Қайыржан ТӨРЕЖАН**

## Жас ғалымдардың білімін шыңдау жолы

**Экономика және бизнес жоғары мектебінің Менеджмент кафедрасы «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Менеджмент», «Инновациялық менеджмент» және «Жобаларды басқару» мамандарын үш деңгейде (бакалавриат, магистратура, докторантура) даярлайды.**

Жаһандық стандарттарға сай сапалы мамандар даярлау Менеджмент кафедрасының басты мақсаттарының бірі. Осы мақсат аясында кафедра жыл сайын магистранттар мен докторанттарға дәріс оқуға Хирш индексі жоғары шетелдік профессорларды шақырады.

2022/23 оқу жылында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бағдарламасы бойынша Финляндияның Jyväskylä университетінің профессоры, PhD А.Шейх (Хирш индексі – 16), Ресей Феде-

рациясы Ғылыми коммуникациялар институтының президенті, э.ғ.д. Е.Попкова (Хирш индексі – 34) шақыртылды.

Оқу бағдарламасы аясында профессор А.Шейх бір ай көлемінде білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамы үшін «Understanding the digital business & digital economy for sustainable growth in Kazakhstan» курсы бойынша семинар сабақтарын өткізді. Докторлық, магистрлік диссертациямен бірге, басшылық жасау және кеңес беру, оқу орнының қызметкерлері үшін «How to conduct scientific research and how to use data analysis applications: NVivo and SmartPLS in research?», «How to develop theoretical models & frameworks and how to use them in scientific research for publication in high-quality Scopus journals?», «How to promote the scientific research publication culture in Kazakhstan?», «How could scientific research benefit the Kazakhstan Government, Industry, and Society?» деген тақырыптарға арнап, оқыту тре-

нингтері мен семинарларын өткізді.

Ал Ресейдің Ғылыми коммуникациялар институтының президенті Е.Попкова 2022/23 оқу жылының күзгі семестрінде ЭЖБЖМ 1-курс докторанттарына «Ғылыми зерттеудің әдістері» пәні бойынша онлайн форматта қашықтан дәріс оқып, семинар сабақтарын жүргізді. Сонымен бірге профессор Е.Попкова ҚазҰУ магистранттары, докторанттары және оқытушылары үшін «Халықаралық ғылымға интеграция: рецензияланған журналдар мен мәліметтер базасы» курсы бойынша семинар өткізді.

Менеджмент кафедрасының жас ғалымдардың білімін шыңдап, ғылымдағы тәжірибесін жетілдіруге осындай қызметтері университеттің отандық және халықаралық ғылыми қоғамдастықтағы бет-бейнесі мен орнын нығайтуға оң ықпал етуде.

**Ардақ ТҰРҒЫНБАЕВА,**  
Экономика ғылымының докторы



# Стажировка PhD в рамках программы докторантуры

На кафедре Аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов из года в год происходит расширение международных связей и тесное сотрудничество кафедры со своими зарубежными коллегами.

верситетах мира (Франции, Университет Экс-Марсель; в России, МГУ им. М.В.Ломоносова, ИНХС им. А.В.Топчиева; в США, Iowa State University, Rutgers the State University of New Jersey; в Германии, Олденбургский университет Карла фон Осиецкого и др).

Так, в 2022-2023 учебном году докторант кафедры Сайдулла Файзуллаев прошел в рамках своей программы докторантуры стажировку в Университете Николая Коперника в Торунь (NCU). Во время стажировки была проделана исследовательская работа по дезмульгированию модельных эмульсий частицами сажи и изучена возможность мембранного разделения под руководством профессора кафедры физической химии и физической химии полимеров, факультета химии NCU Wojciech Kujawski. Коллеги из польского университета хорошо отзывались о трудоспособности и вовлеченности в свою научную работу молодого



ученого из Казахского национального университета имени Аль-Фараби. По результатам исследования в настоящее время PhD-студент готовит статьи для публикации в журналах в соавторстве с польским профессором W. Kujawski. Научная стажировка состоялась благодаря финансированию университетом в соответствии с нормативными документами МОН РК. Кроме того, Сайдулла Файзуллаев выиграл

грант по польской программе PROM project. Целью проекта является повышение уровня интернационализации исследований и образования студентов в области в естественных наук: астрономия, компьютерные и информационные науки, математика, биологические науки, химические науки, физические науки или науки о Земле и связанные с ними науки об окружающей среде. Одной из активностей дан-

ного проекта является финансирование краткосрочных стажировок иностранных PhD-студентов в Университете Николая Коперника в Торунь (NCU). С.Файзуллаев успешно прошел конкурсный отбор и использовал грант проекта PROM в своей научной командировке.

Участие в программах, помогающих реализовать мобильность студентов КазНУ им. Аль-Фараби, способствует улучшению качества научных работ и конкурентоспособности молодых кадров в мировом научном сообществе. Интернационализация науки и академической деятельности кафедры приносит плодотворные для повышения доступа к качественному и инновационному образованию для своих студентов.

**Акбота АДИЛЬБЕКОВА,**  
доцент кафедры Аналитической, коллоидной химии и ТРЭ

Научно-инновационная инфраструктура КазНУ им. Аль-Фараби, соответствующая мировым аналогам, позволяет не только совершать научные открытия международного масштаба, но и помогает молодым начинающим ученым раскрывать свой научный потенциал, реализовывать свои творческие идеи, и приобретать практические навыки.

как автоматическая высокоэффективная машина для производства таблеток, медицинская отварная машина, ротационный испаритель, очиститель ультразвуковой, жидкостной хроматограф и многие другие.

## Осваивают технологии природных добавок

Магистранты 2-го курса факультета биологии и биотехнологии по специальности «Биомедицина», чья научная работа непосредственно связана с изучением компонентного состава лекарственных растений, посетили Научно-исследовательский центр лекарственных растений университета с целью ознакомления с процессом производства биологически активных добавок.



Сотрудники центра под руководством профессора Женис Жанар уже довольно давно занимаются изучением лечебных свойств лекарственных растений, выделением основных биологических активных соединений и изучением их фармакологической активности для разработки новых методов и приемов создания натуральных мульти-природных препаратов. И совсем недавно на базе Центра официально было запущено малотоннажное производство по разработке инновационной продукции на основе растительного сырья.

В ходе экскурсии магистрантам была представлена вся технологическая цепочка создания природных формул, состоящих из мощных, малотоксичных лекарственных и питательных растительных смесей, а также процесс производства лекарственных препаратов различных форм, в виде драже, гранул и др. Магистранты ознакомились с работой новейшего современного высокотехнологичного оборудования, которым располагает центр, для производства фитопрепаратов и проведения научно-исследовательских работ в этом перспективном направлении, таких

Таким образом, обучающиеся университета, проявляя интерес и участвуя в научных проектах, вносят посильную лепту в общее дело – разработку отечественной продукции на основе выделения новых природных соединений из растительного лекарственного сырья, что в будущем позволит сократить количество импортозамещающих лекарственных средств в Республику Казахстан.

**Айгуль АХМЕТОВА,**  
